

**Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды  
(жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)  
шығару бойынша тендерді тоқтата тұру туралы  
хабарлама**

**Астана қаласы**

**2014 жылғы 26 тамыз**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару бойынша тендерді тоқтата тұру туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің функциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетіне (бұдан әрі – Комитет) берілген болатын.

Сонымен қатар, орталық атқарушы органдар өздерінің функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін мемлекеттік органның ережесі негізінде жүзеге асырады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже бекітілмеген.

Осылайша, қазіргі уақытта тендерді ұйымдастырушы анықталмаған және мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) бойынша тендерлік комиссия қалыптастырылмаған.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдағанға дейін 2014 жылдың 27 тамызына жоспарланған тендерге қатысу үшін үміткерлердің ұсынылған тендерлік өтінімдері жазбаша талап етуі бойынша қайтарылатын болады.

Тендер өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткеннен кейін Комитеттің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында хабарланатын болады.

Анықтама үшін телефон: 8(7172) 27-44-49, 27-44-59.